

«І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ

**«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕАҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен**

(Хаттама № 31-03-2026 жыл)

**Директорлар кеңесінің төрағасы
Г.И Исимбаева**



«Корпоративтік этика кодексі»

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫС САЛАСЫ	3
2	ТЕРМИНДЕРМЕН АНЫҚТАМАЛАР	3-4
3	ҚАҒИДАЛАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР	4-5
4	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	5-6
5	ОҚЫТУШЫЛАР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	6-7
6	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ	7
7	БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКА	8-9
8	УНИВЕРСИТЕТ МҮЛКІН ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ	9
9	ЭТИКА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС- ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС	9-10
10	КОДЕКСТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	10
11	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	10

1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

1.1. Осы «Корпоративтік этика кодексі» (бұдан әрі – *Кодекс*) «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - *Қоғам, Университет*) білім алушыларының, профессорлық-оқытушылық құрамының, қызметкерлерінің (бұдан әрі - *академиялық қоғамдастық мүшелері*) және лауазымды тұлғалардың моральдық-этикалық қағидаттарын, мінез-құлық нормаларын және іскерлік қарым-қатынас қағидаларын белгілейді.

1.2. Кодекс Университеттің академиялық мәдениетін қалыптастыруға, академиялық қоғамдастық мүшелері арасында өзара сыйластық пен сенімге негізделген орта құруға, сондай-ақ тиімді білім беру қызметін жүзеге асыруына және оның тұрақты дамуына жәрдемдесуге бағытталған.

1.3. Кодекстің құқықтық негіздері болып Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, «Еңбек кодексі», «Білім туралы» Заңы және «Педагог мәртебесі туралы» Заңы және Ішкі еңбек тәртібі ережелері табылады.

2. ТЕРМИНДЕРМЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Төменде Кодексте жиі қолданылатын және маңызды терминдер келтірілген.

Академиялық адалдық – оқуда жазбаша жұмыстарды орындау кезінде адалдық (*реферат, эссе, бақылау жұмысы, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, ғылыми мақала, магистірлік диссертация*), әділдік және жауапкершілік қағидаттары. Курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық жұмыстарды орындау, зерттеулер жүргізу, презентациялар дайындау, сондай-ақ оқу және ғылыми жетістіктерін бағалау кезінде жеке адалдықты дамытуға бағытталған принциптер мен құндылықтардың жиынтығы.

Іскерлік этика – қоғам қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын этикалық нормалар мен принциптері.

Іскерлік этикет – әртүрлі іскерлік жағдайларда, соның ішінде іскерлік хат алмасу, іскерлік қарым-қатынас, кездесулер өткізу, басшылыққа жүгіну және т.б. кезінде мінез-құлықтың регламенттелген ережелері жүйесін қамтитын қоғам қызметкерлерінің мінез-құлық тәртібі.

Имидж – қоғамның ішкі (*қызметкерлердің санасында қалыптасқан*) және сыртқы (*тұтынушылардың, билік органдарының және азаматтық қоғам субъектілерінің санасында қалыптасқан*) бейнесі.

Мүдделер қақтығысы – университет қызметкерінің жеке мүддесі оның функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін немесе негіз болған қайшылық.

Корпоративтік мәдениет - алға қойылған мақсаттарға жету үшін топтар мен жеке тұлғалардың мінез-құлқын айқындайтын нормалар, құндылықтар, мінез-құлық үлгілері мен сенімдер жүйесі. Ол ұжымның ішкі бірлігін нығайтуға, сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделуге және студенттік ортаға интеграциялануға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқы – академиялық қоғамдастық мүшелері мен университеттің лауазымды тұлғаларының қызметтік жағдайын теріс пайдалану және академиялық адалдық қағидаттарын бұзу арқылы жеке пайда алуға бағытталған іс-әрекеттері.

Академиялық қоғамдастық мүшелері – білім алушылар (*тыңдаушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар*), профессорлық-оқытушылық құрам және қоғам қызметкерлері.

Харассмент – жеке шекараларды және бағыныштылық қағидаттарын бұзу, қорлау, кемсіту, қысым көрсету сипатындағы қолайсыз мінез-құлқы.

Буллинг – қасақана, жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлқы (*оның ішінде интернетте*), соның ішінде қорқыту, қудалау, психологиялық немесе физикалық қысым көрсету, бір адамның немесе адамдар тобының басқа адамға қарсы бағытталған әрекеттері.

Этикалық нормалар – университеттің құндылықтарын және әріптестерге, білім алушыларға, серіктестерге жауапкершілікпен қарауды, құрметті, адал әрі талапшыл қарым-қатынасты бейнелейтін академиялық қауымдастық мүшелерінің жүріс-тұрыс ережелері.

3. ҚАҒИДАЛАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

3.1. Қоғам университет қабырғасында кез келген қызметті жүзеге асыру кезінде жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын тануды қамтамасыз етеді.

3.2. Академиялық қауымдастық мүшелері ұлттық, нәсілдік, жыныстық немесе өзге де белгілеріне қарамастан адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейді және қорғайды.

3.3. Қоғам буллингтің, харассменттің, кемсітушіліктің, физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылықтың, қудалаудың кез келген түріне, сондай-ақ академиялық қауымдастық мүшелерінің физикалық және зияткерлік меншігіне деген құқықтарын шектеуге мүлдем төзбеушілік танытады. Академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар, атқаратын лауазымы мен жағдайына қарамастан, мұндай әрекеттер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік тартады.

3.4. Академиялық сабақтастық, университетке және оның дәстүрлеріне адалдық, оның мүдделері мен жоғары беделін қорғау – академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар үшін негізгі құндылықтар болып табылады.

3.5. Қоғам тұтастықты, әр алуандылықты, өзара құрметті, пікір мен ізденіс еркіндігін, сенімді, адалдықты, шыншылдық пен әділеттілікті жоғары бағалайды және бұл құндылықтарды білім беру, ғылыми-зерттеу және іскерлік қызметінде ішкі саясаттар, рәсімдер мен корпоративтік мәдениет жүйесі арқылы жүйелі түрде интеграциялауға міндеттенеді.

3.6. Қоғам сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік танытады және академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалардың өз қызметтік жағдайын пайдалана отырып, өзіне немесе

жақындарына заңсыз пайда немесе сыйақы алуға бағытталған әрекеттеріне, сондай-ақ мұндай мінез-құлықты әріптестері тарапынан қолдауға қатаң түрде жол бермейді.

3.7. Қоғам жұмысшылардың қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сондай-ақ академиялық қауымдастық мүшелері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды.

3.8. Академиялық қауымдастықтың барлық мүшелері мен лауазымды тұлғалар осы Кодекстің қағидаттары мен нормаларын сақтауға міндетті.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

4.1. Академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас адалдық, жауапкершілік және өзара құрмет қағидаттары негізінде құрылады.

Осыған байланысты төмендегілерге жол берілмейді:

- қорлайтын, кемсітетін сөздер айтуға;
- балағат сөздер қолдануға;
- адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге;
- психологиялық, моральдық немесе материалдық зиян келтіруге;
- қоқан-лоққы көрсетуге, қысым жасауға;
- кемсітуге, дискриминацияға (жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік мәртебесіне және басқа да белгілеріне байланысты);
- қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға;
- сыбайлас жемқорлыққа, мүдделер қақтығысына жол беруге;
- жалған ақпарат таратуға;
- құқыққа қайшы, этикаға жат әрекеттер жасауға.

4.2. Университет басшылығы оқытушылармен және қызметкерлермен ұзақ мерзімді серіктестік, өзара міндеттемелерді құрметтеу және оларды нақты орындау қағидаттары негізінде қарым-қатынас жасайды. Басқарма мүшелері, бөлім жетекшілері, оқытушылар мен қызметкерлер өз қызметін атқару барысында еңбек шартында көзделген барлық талаптарды сақтауға міндетті.

4.3. Басшылық адам ресурстарын Университеттің табысты қызметі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құндылық ретінде қарастырады. Қызметкерлердің жеке мүдделері мен құндылықтық басымдықтары құрметтеледі және ескеріледі. Қызметкерлердің кәсіби және жеке әлеуетін дамытуға, сондай-ақ олардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету мен сақтауға ерекше назар аударылады.

4.4. Университетте қызметкерлерді іріктеу, бағалау және қызмет бойынша ілгерілету олардың кәсіби жетістіктері мен құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Барлық оқытушылар мен қызметкерлер меритократия қағидатына сәйкес мансаптық өсу саласында тең мүмкіндіктерге ие.

5. ОҚЫТУШЫЛАР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

5.1 Оқытушылар мен білім алушылар академиялық ынтымақтастық пен ашықтық қағидаттарына негізделген өзара қарым-қатынасты сақтауға міндетті.

5.2. Оқытушылар білім алушылардың білімін, шеберліктері мен қабілеттерін пәннің оқу бағдарламасында белгіленген өлшемдерге сәйкес адал әрі әділ бағалауы тиіс.

5.3. Оқытушы оқу процесінде және білім алушылармен қарым-қатынаста төмендегілерді міндетті түрде орындауға тиіс:

- білім алушыларға құрметпен қарауға, олардың жеке қадір-қасиеті мен құқықтарын сақтауға;
- оқу процесінде әділдік пен объективтілікті қамтамасыз етуге;
- академиялық адалдық және ар-намыс қағидаларын насихаттауға және бұзушылыққа жол бермеуге;
- білім алушылардың сұрақтарына, пікірлеріне және ұсыныстарына назар аударуға;
- сабаққа қатысу, бағалау және оқыту барысында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;
- аудиторияда және оқу процесінің басқа жағдайларында білім алушыларға кедергі келтіретін әрекеттерден бас тартуға;
- кәсіби этика мен этикалық нормаларды сақтауға.

5.4. Оқу процесіндегі өзара қарым-қатынастың тиімділігі үшін білім алушылардың міндеті:

- білім беру бағдарламасында көзделген білімді, дағдыларды және құзыреттерді тиісті сапа деңгейінде меңгеруге;
- академиялық адалдық, ар-намыс қағидаттары мен ережелерін сақтауға;
- академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлық көріністеріне, құқыққа қарсы және этикаға жат әрекеттерге жол бермеуге;
- оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа білім алушыларға құрметпен қарауға, олардың кәсіби беделі мен құзыреттерін мойындауға және оқу процесінде оларға кедергі келтіретін әрекеттерден бас тартуға.
- оқу сабақтарына белгіленген кестеге сәйкес уақытында келуге және барлық оқу сабақтарына жүйелі түрде қатысуға;
- оқу үдерісіне қатысты емес мақсаттарда аудиторияда мобильді құрылғыларды пайдаланбау және өзіне де, басқаларға да оқу процесіне кедергі жасамау;
- емтихандар мен бақылау іс-шаралары кезінде рұқсат етілмеген құралдарды ақпарат алу мақсатында пайдаланбауға;
- оқу ғимараттарында сыртқы киім мен бас киімді белгіленген орындарға тапсыруға;
- қоғамдық және жеке гигиена қағидаларын сақтауға;



6. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

6.1. Академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар Университеттің оң имиджін қалыптастыруға және нығайтуға міндетті. Осы мақсатта олар іскерлік киім үлгісін сақтауға және ұқыпты әрі жинақы сыртқы келбетті ұстануға тиіс.

6.2. ҚР «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңның 21 бабына сәйкес, қоғамдық орындарда адамның бет-жүзін толық жабатын киімді киюге тыйым салды. Бет-әлпетті тануға мүмкіндік бермейтін киім түрлері никаб, бурка, маска, балаклава және басқа да жабын түрлері қоғамдық орындарда қолдануға рұқсат етілмейді.

Төмендегі жағдайларда бетті жабатын киім киюге рұқсат берілген:

- медициналық себептермен;
- қызметтік міндеттерді орындау барысында;
- климаттық жағдайларға байланысты (қатты суық, дауыл);
- спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларда;
- азаматтық қорғаныс мақсатында.

6.3. Академиялық қоғамдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар Университеттің беделін нығайтуға және оның іскерлік имиджін қолдауға ықпал ете отырып, корпоративтік әдеп қағидаттарын басшылыққа алуға міндетті. Белгіленген мінез-құлық нормаларын сақтауға, кәсіби стандарттарды ұстануға және сыртқы келбетке қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Корпоративтік мәдениет аясында мәдени және діни ерекшеліктерге құрмет көрсетуге, сыйластық пен тиімді іс-қимыл қағидаттарын сақтауға, сондай-ақ ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға және қолдауға ерекше мән беріледі.

7. ЖИНАЛЫСТАР МЕН КЕҢЕСТЕРДЕГІ ТӘРТІП

7.1. Қоғам жиналыстар мен кеңестерді ұжымдық шешімдер қабылдаудың негізгі ынтымақтастық нысандары ретінде қарастырады.

7.2. Кеңестерді өткізудің тиімділігі, бөлінген уақытты ұтымды пайдалану және этикалық нормаларды сақтау өнімді ынтымақтастықтың негізі болып табылады.

7.3. Академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар жиналыстар мен кеңестер барысында іскерлік этика нормаларын сақтауға міндетті:

- күн тәртібімен алдын ала танысуға, жиналыстарға уақытылы қатысуға және кешікпеуге;
- жиналыс басталғанға дейін ұялы байланыс құралдарының дыбысын өшіруге, сөз сөйлеуге бөлінген регламентті сақтауға;
- қатысушыларға құрмет көрсету және қорлайтын сөздер қолданбауға;
- күн тәртібінде қаралатын мәселелер шеңберінен шықпауға және жиналысты жеке мәселелерді шешу құралы ретінде пайдаланбауға.

8. БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКА

8.1. Академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар әріптестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен байланыс құралдары арқылы кәсіби әрі әдепті қарым-қатынас орнатуы университеттің беделі мен оң имиджін қалыптастыруға және қолдауға бағытталуы тиіс.

8.2. Телефон арқылы сөйлесу кезінде іскерлік әдеп нормаларын сақтау және қарым-қатынаста сыпайы әрі құрметті әуенді ұстану ұсынылады:

- телефон қоңырауларына мүмкіндігінше жедел жауап беру;
- өздерін таныстырып, аты-жөнін, лауазымын және бөлімшенің атауын айту;
- жеке мәселелер бойынша ұзақ әңгімелерден аулақ болу, қажет болған жағдайда әңгімені қысқа әрі нақты жүргізу;
- телефон арқылы сөйлесу барысында қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау.

8.3. Электрондық пошта арқылы хат алмасу кезінде:

- ресми-іскерлік стильді сақтау;
- хаттың тақырыбын нақты және мазмұнды көрсету;
- хат мәтінін қысқа, құрылымды және түсінікті баяндау;
- қызметтік хаттарға белгіленген мерзімде жауап беру;

8.4. Мессенджерлер мен өзге де цифрлық коммуникация құралдарын пайдалану барысында:

- қызметтік және жеке коммуникация аражігін сақтау;
- хабарламаларды іскерлік әдеп нормаларына сай, сауатты және нақты жазу;
- жұмыс уақытынан тыс кезеңде қызметтік хабарламалар жіберу кезінде кәсіби әдепті сақтау;
- құпия және қызметтік ақпараттың таралуына жол бермеу.

8.5. Әлеуметтік желілер мен ашық интернет-алаңдарда:

- университеттің беделі мен имиджіне нұқсан келтіретін ақпаратты жарияламау;
- кәсіби қызметке қатысты пікір білдіру кезінде әдептілік пен жауапкершілікті сақтау;
- университеттің, оның құрылымдық бөлімшелерінің немесе лауазымды тұлғаларының атынан анонимді аккаунттар мен қауымдастықтарды құруға жол бермеу;
- университеттің коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын құпияларын, сондай-ақ еңбек немесе оқу міндеттерін орындау барысында белгілі болған академиялық қауымдастық мүшелері мен үшінші тұлғалардың дербес деректерін жарияламау.

8.6. Университеттің ресми парақшаларын, қауымдастықтары мен топтарын әлеуметтік желілерде құру және жүргізу тек Байланыс және имидждік саясат орталығымен келісілген жағдайда жүзеге асырылады.

8.7. Академиялық қауымдастық мүшелері әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және қоғамдық интернет-аландарда орналастырған жарияланымдарының мазмұны үшін дербес жауапкершілік көтереді.

8.8. Университет атынан ресми жария мәлімдемелер жасау және ұстаным білдіру құқығы тек Басқарма Төрағасы – Ректорға немесе оның арнайы өкілеттік берген тұлғаларына тиесілі.

9. УНИВЕРСИТЕТ МҮЛКІН ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

9.1. Университеттің ресурстары тек академиялық қауымдастық атынан қызметтік мақсатта пайдаланылуы тиіс. Оларды жеке пайда немесе жеке мақсатта қолдануға қатаң тыйым салынады.

9.2. Университет мүлкін мұқият қарау, сондай-ақ оны сатып алу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, есепке алу және иелік етуге қатысты барлық ережелер, саясаттар мен рәсімдерді сақтау міндетті.

9.3. Академиялық қауымдастық мүшелері кітапхана қорын сақтау және оны пайдалану ережелерін қатаң ұстануы қажет.

9.4. Университет аумағында темекі шегуге, алкоголь ішуге, есірткі заттарын қолдануға немесе таратуға заң талаптарына сәйкес қатаң тыйым салынады.

9.5. Академиялық қауымдастық мүшелері өз жұмыс орындарын таза ұстауға және тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті.

10. ЭТИКА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

10.1. Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы бойынша әр жыл сайын құрылып, бір жылға тағайындалады.

10.2. Кеңестің негізгі функциялары:

- академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғаларды корпоративтік этика Кодексінің талаптарын сақтауға қатысты кеңес беру;
- Кодекстің ережелерін қолдануға байланысты даулар мен конфликттік жағдайларды бастау және қарауға қатысу;
- этикалық нормаларды сақтау және стандарттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- корпоративтік этика мен академиялық адалдық принциптерін енгізуге және насихаттауға жәрдемдесу;
- этикалық нормаларды бұзу фактілерін бақылау және талдау, қайталануының алдын алу.

10.3. Кеңестің міндеттері:

- академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар арасындағы академиялық әділетсіздік жағдайларының алдын алу;
- академиялық адалдық саясатын бұзу фактілерін қарастыру;
- құқық бұзушылықтар, ішкі тәртіп ережелерін немесе университет Жарғысын бұзу фактілері бойынша университет қызметкерлері мен білім алушыларының өтініштерін қарау;



- университеттегі тәртіп бұзушылықтарын анықтауға және тиісті шаралар қабылдауға жәрдемдесу;
- заң бұзушылықтарға қарсы іс-қимылда университет әкімшілігімен және құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе жұмыс жасау;
- Кодексті сақтамау мәселелері бойынша дауларды карауда тәуелсіздік пен әділдікті қамтамасыз ету;
- тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы іске асыру мақсатында ұсыныстар енгізу.

11. КОДЕКСТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1. Академиялық қоғамдастық мүшелері мен лауазымды тұлғалар осы Кодекстің талаптарын білуге және сақтауға тиіс, сондай-ақ өз әрекеттері мен мінез-құлқы үшін жауапкершілік көтереді.

11.2. Осы Кодекстің талаптарының бұзылу фактілері жедел желі - antikor@zu.edu.kz, сенім телефоны - 87282401020, ватсап - 87001271306 немесе басшылыққа жазбаша түрде хабарлануға тиіс.

11.3. Кодекстің талаптарын бұзу «Еңбек кодексіне», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке қолдануға әкеледі.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы Кодекстің нормаларын сақтау Университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылар үшін міндетті болып табылады және оқу, тәрбие және еңбек қызметінде этикалық және жауапты мінез-құлыққа біртұтас тәсілді қамтамасыз етеді.

12.2. Осы «Корпоративтік этика кодексін» бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Университеттің Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатады.